

**"Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына
өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 сәуірдегі № 462 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына
өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы
Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

**Қазақстан Республикасының Президенті
ЖАРЛЫҚ «Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі
шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы
13 сәуірдегі № 314 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар
туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314
Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 11, 120-құжат; № 38,
430-құжат; 2008 ж., № 24, 226-құжат; № 42, 465-құжат; 2009 ж., № 10, 49-құжат; № 27-
28, 234-құжат; № 29, 249-құжат; 2010 ж., № 50, 453-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының
экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ереже осы
Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы « »

№ Ж а р л ы ғ ы н а

ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту
мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы
ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі – Мемлекеттік комиссия) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Мемлекеттік комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Мемлекет басшысының актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.

3. Мемлекеттік комиссия төрағадан, оның орынбасары мен комиссия мүшелерінен тұрады.

4. Мемлекеттік комиссияның дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

2. Мемлекеттік комиссияның міндеттері мен функциялары

5. Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру мәселелері жөніндегі шешімдерді әзірлеу мен қабылдау Мемлекеттік комиссияның міндеттері болып табылады.

6. Мемлекеттік комиссия осы міндеттерді орындау үшін:

1) Мемлекеттік комиссияның кезекті отырысына берілетін материалдарды, анықтамалар мен өзге де құжаттарды қарайды;

2) Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру жөнінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар қабылдайтын шаралардың тиімділігі бойынша ұсынымдық шешім шығарады;

3) орталық және облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарынан өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратады.

3. Мемлекеттік комиссияның қызметін ұйымдастыру

7. Мемлекеттік комиссияның қызметіне басшылық жасауды және оның отырыстарына төрағалық етуді Мемлекеттік комиссияның төрағасы жүзеге асырады.

8. Төраға болмағанда оның міндеттерін оның тапсырмасы бойынша төрағаның орына басады.

9. Мемлекеттік комиссия өз қызметін Мемлекеттік комиссияның төрағасы бекітетін, мүдделі мемлекеттік органдардың ұсынысы бойынша жұмыс органы жасақтайтын тоқсан сайынғы жоспарлар негізінде жүзеге асырады.

10. Мемлекеттік комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі болып табылады, оның функциялары:

1) Мемлекеттік комиссияның отырыстарына дайындықты қамтамасыз ету;

2) алдағы кезеңге арналған тоқсан сайынғы жоспар жобасын қалыптастыру және алдағы тоқсандағы айдың 1-күніне дейін 15 күннен кешіктірмей Мемлекеттік комиссияның төрағасына бекітуге енгізу;

3) тоқсан сайынғы жоспардың көшірмесін Мемлекеттік комиссияның мүшелеріне, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға оны алған күнінен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей жіберу;

4) тоқсан сайынғы жоспарда көзделген отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды (анықтамалар, тұсаукесерлер, хаттамалық шешімдердің жобалары, сөйлеушілер мен қатысушылардың тізімдері) жинау және Мемлекеттік комиссияның отырыстарын өткізу мерзімдерінің жоспарына сәйкес белгіленген отырыс өткізілгенге дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын Мемлекеттік комиссияның төрағасына ұсыну;

5) Мемлекеттік комиссияның отырысы хаттамасының жобасын Мемлекеттік комиссияның мүшелеріне келісуге және бұрыштама қоюға жіберу болып табылады.

11. Мемлекеттік комиссия төрағасының шешімі және жұмыс органының ұсыныстары бойынша жоспардан тыс мәселелерді қарау енгізілетін кезектен тыс отырыстар шақырылуы мүмкін.

Кезектен тыс отырыс өткізілетін күн, оған шығарылатын мәселелер бойынша материалдар ұсыну және Мемлекеттік комиссия мүшелерінің өз қатысуын растау мерзімін, Мемлекеттік комиссия төрағасының кезектен тыс отырысты шақыру туралы шешімінде айқындалады.

12. Мемлекеттік комиссияның тоқсан сайынғы жоспарына алдағы тоқсанға арналған мәселелерді енгізу үшін мүдделі мемлекеттік органдар жұмыс органына өз ұсыныстарын (тиісті материалдарды) айдың 1 күніне дейін береді.

13. Мүдделі мемлекеттік органдар Мемлекеттік комиссияның тоқсан сайынғы жұмыс жоспарын алған кезде оларға тоқсан сайынғы жоспарда жүктелген іс-шараларды уақтылы ұйымдастырады. Отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар (мәселе бойынша анықтама, тұсаукесерлері, хаттамалық шешімнің жобасы, сөйлеушілер мен қатысушылар тізімі) жұмыс органына тоқсан

сайынғы жоспарға сәйкес айқындалған отырыс өткізілгенге дейін кемінде екі жұмыс күні бұрын берілуі тиіс.

14. Мемлекеттік комиссияның отырысы Мемлекеттік комиссия төрағасының бастамасымен жоспарланған отырысқа дейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей шақырылады.

15. Отырыс басталғанға дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын мемлекеттік комиссияның мүшелері отырысқа өзінің қатысатынын растайды.

16. Мемлекеттік комиссияның отырыстары оның мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысқан кезде заңды болады. Мемлекеттік комиссияның мүшелері оның отырыстарына ауысу құқығынсыз қатысады.

17. Мемлекеттік комиссияның шешімдері оның отырысына қатысушы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және жүргізілген стенограмманың негізінде хаттамамен ресімделеді. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде төрағалық етуші берген дауыс шешуші болып табылады.

18. Мемлекеттік комиссияның мүшелері хаттаманың жобасын, оны алған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімінде келіседі және бұрыштама қояды.

19. Мемлекеттік комиссияның алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында оның шешімдерімен Мемлекеттік комиссияның жанынан жұмыс топтары құрылады, оның құрамы мен міндеттері Мемлекеттік комиссияның хаттамасымен белгіленеді.

20. Мемлекеттік комиссияның отырыстарына оның мүшелері болып табылмайтын лауазымды адамдар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылуы мүмкін.

21. Мемлекеттік комиссияның жұмыс нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Президентіне жылына кемінде екі рет баяндап тұрады.

22. Мемлекеттік комиссияның қызметі Қазақстан Республикасының Президенті шешімінің негізінде тоқтатылады.